

**Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** :

1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін (бұдан әрі - Бірыңғай кадастрлар жүйесі) құрсын.

2. Қоса беріліп отырған Сандық геоақпараттық жүйелер негізіндегі Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру және жүргізу ережесі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі 2001 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде Бірыңғай кадастрлар жүйесін құру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған Техникалық құжаттаманы, сондай-ақ Бірыңғай кадастрлар жүйесіне енгізу үшін деректер тізбесін әзірлесін және бекітсін.

4. Бірыңғай кадастрлар жүйесін құру жөніндегі іс-шараларды және Бірыңғай кадастрлар жүйесін құру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған Техникалық құжаттаманы әзірлеуді қаржыландыру 2000 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 25 қыркүйектегі  
N 1449 қаулысымен бекітілген

**Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасының табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру және жүргізу ЕРЕЖЕСІ**

1. Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесі (бұдан әрі - Бірыңғай кадастрлар жүйесі) Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің мемлекеттік кадастрларының барлық түрлерін біріктіруші салааралық ақпараттық компьютерлік жүйе ретінде құрылады және жүргізіледі.

2. Бірыңғай кадастрлар жүйесі әрбір есепке алынған кадастрлық объектіге, оның жай-күйін пайдалану, жаңғырту және қорғау туралы географиялық байланысы мен шаруашылық мәртебесін көрсете отырып, құжаттамалық мәліметтерден сандық түрде құралады.

3. Бірыңғай кадастрлар жүйесін жүргізудің негізгі қағидаттары:

- 1) ортақтандырылған басшылық;
- 2) кадастрлық ақпаратты өңдеу және ұсыну технологиясының біртұтастығы;
- 3) кадастрлық жүйелердің барлық түрлерін жер кадастры негізінде қ а л ы п т а с т ы р у ;
- 4) автоматтандырылған ақпараттық технологияларды қолдану;
- 5) ақпараттың толықтырылуы мен жанартылуының дұрыстығы.

4. Бірыңғай кадастрлар жүйесі Қазақстан Республикасының табиғи және экономикалық әлеуетін бағалаудың бірыңғай жалпы мемлекеттік кешенді есепке алынуын қамтамасыз ету мақсатында құрылады және жүргізіледі.

5. Бірыңғай кадастрлар жүйесінің объектілері болып қоршаған ортаның олардың өзара іс-қимылдағы құрамдас бөліктері: жер, су, орман, топырақ, жер қойнауы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі болып табылады.

6. Бірыңғай кадастрлар жүйесінің ақпараттық негізін объектінің кеңістік жағдайы (географиялық координаттар, әкімшілік бөліктерге сәйкес объектінің тоғыстары жағдайы, экономикалық аудандарға қатынасы және басқа да мәліметтер) және олардың шаруашылық мәртебесі туралы мәліметтер, топографиялық-геодезиялық материалдар, статистикалық есеп деректері құрайды. Бірыңғай кадастрлар жүйесіне аумақтарды кешенді түрде бағалауға арналған қажетті өзге де деректер енгізіледі.

7. Бірыңғай кадастрлар жүйесі мемлекеттік органдарды, олардың қызметіне арналған қажетті мәліметтермен және Қазақстан Республикасының табиғи әлеуеті ретінде қоршаған орта туралы деректермен жедел қамтамасыз ету үшін арналған.

8. Бірыңғай кадастрлар жүйесінің мәліметтері мен деректері ресми сипатқа ие және меншік пен шаруашылық жүргізудің барлық нысандары объектілерінің экономикалық және табиғи климаттық белгілері туралы айғақтайтын әділ мәліметтер ретінде қабылдануға тиіс.

9. Бірыңғай кадастрлар жүйесінің құрылымын мынадай есепке алу объектілері құрайды, олардың мониторингін мынадай орталық атқарушы органдар жүзеге асырады:

1) мемлекеттік жер кадастры бойынша - жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

2) мемлекеттік су қорлары кадастры бойынша (жер бетіндегі су көздері, су ресурстарын пайдалану, жердің мелиоративтік ахуалы, суландыру және құрғату мәселелері) - су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал олардың аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

3) мемлекеттік орман кадастры бойынша - орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

4) мемлекеттік кен орындары және пайдалы қазба байлықтар белгілері кадастры, зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму және ағынды суларды жер қойнауына ағызу мемлекеттік кадастры, техногендік минералдардың пайда болу кадастры бойынша - жер қойнауын пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

5) мемлекеттік ерекше қорғалатын табиғи аймақтар кадастры бойынша - ерекше қорғалатын табиғи аймақтар саласындағы уәкілетті орган жалпы Республика бойынша, ал оның аумақтық органдары әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

б) жануарларды мемлекеттік есепке алу және жануарлар әлемінің мемлекеттік кадастрын жүргізу бойынша - жануарлар әлемін қорғау, өндіру және пайдалану саласындағы уәкілетті орган және балық ресурстарын және басқа су жануарларын қорғау өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган - жалпы Республика бойынша ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде.

*Ескерту: 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 қаулысымен .*

10. Салалық кадастрлар шегінде алынған объектілерді есепке алу және тіркеу нәтижелерін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау министрлігі белгілеген тәртіппен Бірыңғай кадастрлар жүйесіне

т е г і н

б е р е д і .

*Ескерту: 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі  
N 675 қаулысымен .*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК